

# АЙМАҚ АҚШАМЫ

№16 (085) ДҮЙСЕНБІ

6 мамыр 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• 9 МАМЫР – ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ

## ЖЕҢІС ТУЫ ЖЕЛБІРЕСІН МӘҢГІЛІК



### Жаппар ӨМІРБЕКОВ

Өрт лаулап, бұрқырап қорғасын,  
Шеңгелін қанды ажал жайғанда,  
Ойрандап жауыздың ордасын,  
Болдық біз найзағай майданда!  
Жеңіс туы, Жеңіс туы  
Желбіресін мәңгілік!  
Жеңіс жыры, Жеңіс жыры  
Асқақтасын жаңғырып!  
Бел шешіп, қабағын ашпаған,  
Бой жазды күлімдеп қалың ел.  
Әлемді апаттан сақтаған,  
Жеңіспен оралды жауынгер!  
Жеңіс туы, Жеңіс туы  
Желбіресін мәңгілік!  
Жеңіс жыры, Жеңіс жыры  
Асқақтасын жаңғырып!  
Жеңісім – салтанат, сән-сәулет,  
Өмірім өркендей береді.  
Жеңісім – береке, бақ-дәулет,  
Осы ғой адамға керегі.  
Жеңіс туы, Жеңіс туы  
Желбіресін мәңгілік!  
Жеңіс жыры, Жеңіс жыры  
Асқақтасын жаңғырып!

### ТҰТЫНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің 2024 жылдың 15 сәуіріндегі №33-НҚ бұйрығының негізінде «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС реттелетін қызметтеріне 2024 жылғы 01 мамырдан бастап қолданысқа енгізе отырып келесі тарифтер бекітілді:

- жылу энергиясын беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметіне – ҚҚС-сыз Гкал үшін 6 051,14 теңге;
  - жеке тұлғаларға – ҚҚС-сыз Гкал үшін 3 854,28 теңге;
  - өзге тұтынушыларға – ҚҚС-сыз Гкал үшін 7 811,94 теңге;
  - бюджеттік ұйымдарға – ҚҚС-сыз Гкал үшін 35 423,37 теңге.
- суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне – ҚҚС-сыз м<sup>3</sup> үшін 127,07 теңге;
  - жеке тұлғаларға – ҚҚС-сыз м<sup>3</sup> үшін 94,42 теңге;
  - өзге тұтынушыларға – ҚҚС-сыз м<sup>3</sup> үшін 127,90 теңге;
  - бюджеттік ұйымдарға – ҚҚС-сыз м<sup>3</sup> үшін 1 081,80 теңге.
- сарқынды суды бұру және тазалау қызметіне – ҚҚС-сыз м<sup>3</sup> үшін 101,07 теңге;
  - жеке тұлғаларға – ҚҚС-сыз м<sup>3</sup> үшін 67,78 теңге;
  - өзге тұтынушыларға – ҚҚС-сыз м<sup>3</sup> үшін 189,17 теңге;
  - бюджеттік ұйымдарға – ҚҚС-сыз м<sup>3</sup> үшін 633,13 теңге.

«Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС әкімшілігі

### ВНИМАНИЮ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ!

В соответствии с приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Ұлытау №33-ОД от 15.04.2024 года утверждены тарифы на регулируемые услуги ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» с введением в действие с 01 мая 2024 года:

- на услуги передачи, распределения и снабжения тепловой энергией – 6 051,14 тенге/Гкал без НДС;
  - для физических лиц – 3 854,28 тенге/Гкал без НДС;
  - для прочих потребителей – 7 811,94 тенге/Гкал без НДС;
  - для бюджетных организаций – 35 423,37 тенге/Гкал без НДС.
- на услуги подачи воды по распределительным сетям – 127,07 тенге/м<sup>3</sup> без НДС;
  - для физических лиц – 94,42 тенге/м<sup>3</sup> без НДС;
  - для прочих потребителей – 127,90 тенге/м<sup>3</sup> без НДС;
  - для бюджетных организаций – 1 081,80 тенге/м<sup>3</sup> без НДС.
- на услуги отвода и очистки сточных вод – 101,07 тенге/м<sup>3</sup> без НДС;
  - для физических лиц – 67,78 тенге/м<sup>3</sup> без НДС;
  - для прочих потребителей – 189,17 тенге/м<sup>3</sup> без НДС;
  - для бюджетных организаций – 633,13 тенге/м<sup>3</sup> без НДС.

Администрация ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения».



# ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛДЫ

**Жезқазған қаласында «Ұлытау облысының экологиялық және энергетикалық мәселелері мен оларды шешу жолдары» деген тақырыппен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экология және табиғатты пайдалану комитетінің көшпелі отырысы болып өтті.**

Комитет төрағасы Е.Жаңбыршин бастаған көшпелі отырысқа қатысушылар облыс орталығы мен Сәтбаев қаласындағы бірқатар нысандарды аралап көрді, жергілікті жердегі экологиялық ахуалмен жете танысуға ұмтылды.

Ал, аймақтағы экологиялық жағдай алаңдатарлық күйде. Кейінгі кезде өңір халқының арасында онкологиялық аурулардың көбейіп кеткені бекер болмаса керек. Ауаның ластануына қоса ауызсудың сапасы, әсіресе, Жезқазған қаласындағы, мүлдем сын көтермейді. Жезқазғандық қоғам белсенділері бұл мәселеге биліктің назарын аудару мақсатында Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын «Экологиялық апат аймағы» деп жариялау жөнінде ұсыныс білдірген еді. Осы талаптың нәтижесінде «Экосервис-С» ЖШС Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі онкологиялық аурулардың себептерін зерттеумен айналысуда. Бұл мекеме зерттеу жұмыстарын алдағы қазан айында аяқтайтын болады. Өкінішке қарай, Жаңаарқа ауданында мұндай мақсаттағы зерттеу жүргізіліп жатқан жоқ. Бұл жергілікті биліктің тарапынан жіберілген ағаттық. Өйтпесе, Жаңаарқа өңірінде де түйінді мәселелер жеткілікті. Басқасын айтпағанда, Жаңаарқаға бір емес екі рет зымыран құлап, гептил төгілгені белгілі. Облыстың Қаражал қаласы мен Жәйрем кентінің тұрғындары халыққа жетімсіздік туындап жатқанда «Казцинк ЖГОК» зауытының өндіріс қажетіне ауызсуды пайдалануына наразылық білдіріп жүр. Кәріз суларының өзен, көлдерге құйылуы, облыс территориясындағы су қоймаларының ластануы және т.т. мәселелер көшпелі отырыста жан-жақты сөз болды.

Көшпелі отырыс кезінде Мәжіліс депутаттары, партиялардың өкілдері, еңбек ардагерлері, қоғам белсенділері және т.б. тарапынан жиынға қатысқан Үкімет мүшелеріне, облыс пен ірі өндіріс басшыларына өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ұсыныстарын жеткізді. Қоғам белсенділері тарапынан аймақтағы алпауыт кәсіпорын «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС-нің



атына сын көп айтылды. Аймақта алаңдатарлық ахуалдың қалыптасуы корпорацияның экологиялық талаптарды сақтамауының салдары деп санайтын қоғам белсенділерінің айтуынша, «Қазақмыс» өз міндеттемелерін орындауға салғырт қарайды. Бір ғана мысал. Қазақстан Республикасы Үкіметі 2022 жылғы 4 қарашада Ұлытау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы № 871 қаулы қабылдаған еді. Осы Қаулының «Жылумен жабдықтау» деп аталатын бөлігінің 48-пунктінде Сәтбаев қаласында қосымша 5-қазандықты орнатып, № 1 жылу станциясын жаңғырту, орындалу мерзімі -2024 жыл» деп көрсетілген. Былтыр Сәтбаев қаласы қазандығынан будақтаған қара түтін қаланы алты ай бойы күлгекөміп тастады. Бұған ешкім жауап берген де емес. 5-қазандық салу, жаңғырту жұмыстары да жүргізілген жоқ. Соған

қарағанда, тіпті, «Қазақмыс» ел Үкіметі бекіткен Ұлытау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспардағы өздеріне алған міндеттемелерін естерінен шығарып алған да болулары мүмкін.

Көп нәрсе айтылды, қозғалды, ортаға салынды. Жиынды қорытындылаған Е.Жаңбыршин белсенділік танытқан барша азаматтарға алғысын айтып, көпшіліктің алаңдаушылығы аяқсыз қалмайтындығына сендірді.

- Жылдар бойы қордаланып қалған мәселелерді бір демде шешу мүмкін емес, бірақ, кейінге ысыра беруге де болмайды. Біз мұны Жезқазған жерінде болған екі күнде көзімізбен көріп, жанымызбен сезіндік. Мыс ордасының кетеуі кеткен күйін көріп, көңіліміз құлазыды, жүрегіміз ауырды. Сондықтан, мүмкіндігінше қолдау, көмек көрсету - міндетіміз - деді ол.

**А.НҰРТАУҰЛЫ**

## ЖОЛ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ

**Жол сапасына байланысты ел арасында көңіл толмаушылық өте көп. «Бақылау неге жоқ, сапасы неғып тексерілмейді?» дейтін сұрақтардың қойылуы да заңды. Бірақ...**


Көпшілік осы уақытқа шейін облысымызда жол сапасына тексеріс жүргізетін зертхананың болмағанын біле де бермейді. Енді міне, сол кемшілік жойылды.

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы 2023 жылғы наурызда құрылған болатын. Оның негізгі қызметі - елдімекендердің көшелерінде және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау кезіндегі жұмыстар мен материалдардың

сапасына сараптама жасау. Бірақ, зертхананың болмауы іске көп кедергісін келтіріп келгені де рас. Өйткені, осы уақытқа дейін өңірде жол сапасына арналған зертхана болмағандықтан филиал қызметкерлері жол-құрылыс материалдарының сынамаларын көрші облысқа жөнелтіп отыруға мәжбүр болған. Ал, кісідегінің кілті-аспаңда болатыны белгілі.

Енді аталған сынамалар өз өңірімізде жүргізілетін болады. Сондықтан, жол сапасы да талапқа сай болады деп үміттенейік.

**І.ТҮСІП**



### ► БІР ШӨКІМ ОЙ

## БІРЛІГІМІЗ БҰЗЫЛМАСЫН!

**Көп ұлтты байтақ елімізде Қазақстан халықтары ассамблеясына кездесу өзіміз қадірлейтін ынтымақтық көрінісі бітімшілік, қауіпсіздік және қоғамдың көкейкесті сұрақтары бүгінгі күнде толғандыруда.**

Қазақстан халықы ассамблеясының қызметінде қуатты оңды тәжірибе жинақталған, біз бұл тәжірибиесі этносаралық мәселерді шешудің әлемдік тәжірибиесіне бірлесе қосып келеміз және алдағы кезде де қоса беретін боламыз. Біздің бұл үлесіміз ең жоғарғы деңгейде лайықты бағасын алды. Бірікен Ұлттар ұйымының Бас хатшысы Қазақстанды «Әлемнің өзге мемлекеттері үшін ұлтаралық келісімнің, тұрлауы әрі тұрақты дамуының үлгісі» деп атады.

Қазақстандағы ұлттық келісімнің негізі-конфессияаралық үн қосу 90-жылдардан бастап Ресей елінің заңы бойынша Ресейге босқын болып келгендер үшін бірқатар жеңілдіктер белгіленді. Осы бір ақшалай да, материалдық та көмекті алу үшін Қазақстаннан келген орыстар өздерін босқын есебінде тіркеуге ықыласты болды, мектептің жабылып қалғандығын тілге тиек ете отырып, кейбір мұғалімдер «орыс тілі қысқартылып жатыр, сондықтан да кетуге мәжбүр болдым» десе, кеңшарлар мен ұжымшарлардың тарауы салдарынан қызметсіз қалған қызметкерлер «Қазақ тілін білмегенім үшін жұмысымнан қуылдым» деп соқты. Су ішкен құдығына түкірген мұндай жандардың жапқан жалалары қазақ ұлтшылдығын Ресей үшін «қауіпке» айналдырды. Бұл мәселені бірнеше рет Ресей парламентінің қарауы да осының айғағы.

Нағыз ұлтшыл адам барлық ұлтты құрметтейді, себебі ол ұлттың қасиетін біледі, терең түсінеді, бірақ өз ұлтына жанын салып қызмет етеді. Жаңа ғана мемлекет болып, ту көтеріп немесе әлеуметтік, саяси, экономикалық тығырықтан шыққан көптеген елдер ұлттық санын күрт көтеруі көзге түседі. Қазақстанды мекендеген ұлт пен ұлыс, «Біз қазақстандықпыз» деген сөздің тамырын кең жая түсуіне ықпал етіп келеді. Әр ұлтың мәдениеті мен дәстүрін, тілі мен ділін сақтап, өркендеуге де мемлекеттік қамқорлығын айқын сезінеді. ең бастысы, әлдебір теріс күштердің ықпалында кетпейік! Қасиетті Отанымыздағы ел бірлігі бұзылмасын!

**Ибадулла ӘБИШҰЛЫ,  
«Қазақмыс»  
Корпорациясының  
құрметті еңбек ардагері,  
Ақпараттық түсіндіру  
тобының мүшесі**



## ТАҒЫМ

# ЖАНАСОВТАРДЫҢ ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

**Облыстық мемлекеттік архив пен Қ.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейдің бірлесіп ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысының ардагері Жанша Жанасовтың туғанына 100 жыл толуына орай еске алу кеші өткізілді. «Ерлікке толы өмір» деп аталған бұл іс-шарада Қарсақбай өңірінің тумалары, ағайынды Жанасовтардың майдандағы жауынгерлік жолы, бейбіт өмірдегі жасампаздық істері көрмеге қойылған құжаттар арқылы және оларды білетін жандардың естелігімен өріліп, қатысушыларға кеңінен жеткізілді.**

Жанша Жанасұлы 18 жасқа толған соң әскер қатарына шақырылып, 1942 жылдың қыркүйегінен бастап Көкшетау қаласындағы кіші командирлер мектебінде оқиды. 1943 жылы Ресейден эвакуацияланған Фрунзе атындағы жаяу әскер училищесіне оқуға жіберіледі. Онда кіші лейтенант шенін алып, 1944 жылы 1-Белорусь майданының 3-екпінді Армия құрамында соғысқа кіреді. Польшадағы ұрыстарға қатысып, Варшава маңында Висла өзенінен өту кезіндегі ауыр шайқастардың ортасында болады. Сол үшін «Варшаваны азат еткені үшін» медалімен марапатталады. Одан кейін Германияға қарсы ұрыстарда Берлинге «қақпа» ашқан Одер өзенінен өту операциясына қатысып, 40 адамнан тұратын взводты басқарады. Зелю биіктіктеріндегі шайқастарға қатысып жүргенде 1945 жылы 17 сәуірде Аль-Одер жағасында жараланады. Жеңіс туралы қуанышты хабарды госпитальда жатқанда естиді.

Майдангердің бейбіт өмірдегі еңбек жолдары да өнегеге толы. Қарағанды политехникалық институтын 1959 жылы бітіріп, Жезқазған құю-механикалық зауытындағы еңбек жолын бастайды. Кейін осы зауыттың директоры болады. 1966 жылы «Қазтүстіметқұрылыс» тресінің бас инженері, 1971 жылдан бастап «Қазмеханомонтаж» тресінің



бастығы қызметін атқарады. Бұл кәсіп орын республика көлеміндегі ірі өндіріс орындарын салып іске қосқаны үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып, басқа да мәртебелі атақтарға ие болған еді. Жанша Жанасұлы 1977-1978 жылдары Жезқазғандағы «Қазмысқұрылыс» және «Қазхиммонтаж» трестерін басқарып, зейнетке шыққан. Ол I дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Бұл кісінің ағасы Жәңгір де Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан. Еңбек жолын 19 жасында Қарсақбай аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушілігінен бастап, Жоғары партия мектебін, Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген. Жезқазған, Жаңарқа аудандық, Балқаш қалалық партия комитеттерінің хатшысы, екінші хатшысы қызметтерін атқарып, 1955 жылы Қоңырат ауданының Сталин атындағы колхоздың төрағалығына жіберіледі.

1958-1965 жылдары Жезқазған қалалық атқару комитетінің төрағасы, 1965-1973 жылдары Жезқазған кен металлургия комбинаты директорының орынбасары, 1973 жылы Жезқазған облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарып өңірдің экономикасы мен мәдениетін көтеру жолында абыройлы еңбек етті. II дәрежелі Отан соғысы, екі мәрте Қызыл жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Еске алу шарасында ағайынды ардагерлер туралы бейнебаян көрсетілді. Қарғанды облысының Құрметті азаматтары, облыстық және аймақтық ардагерлер ұйымдарының жетекшілері Сағындық Қожамсейітов пен Төлеген Бүкіров, Құрметті металлург, жақын туысқаны Жанұзақ Кенбаев Жанасовтардың жасампаздық істері жайлы естеліктерін ортаға салды. Еңбек ардагері Алтын Шайменова, облыстық мемлекеттік архивтің басшысы Дәметкен Орынбасарова өмірлері тағылымға толы өңірдің осындай айтулы тұлғаларының өмірдеректерін жинақтап архив қорына тапсырып, келер ұрпаққа жеткізудің маңызына назар аударды.

Ерлік пен елдіктің дәстүріне сай өнегелі ғұмыр кешкен Ұлы Отан соғысының ардагерлері, ағайынды Жәңгір мен Жаншаның Жезқазған-Ұлытау өңірін дамыту жолындағы атқарған еңбектері туралы көп айтуға болады. Ең бастысы, Жанасовтардың жасампаздық жолындағы жарқын істерін жерлестері ұмытпайды.

Амандық РАХҰЛЫ

## ЖЕҢІС ШЕРУІНЕ ҚАТЫСҚАН

**Соғыс өрті бұрқ ете қалғанда Мұханбет Байманов енді ғана он жетіге қараған еді. Ол соғысқа 1942 жылдың мамыр айында аттанды. Араға үш жыл салып Жеңіс жалауын желбіретіп елге оралды.**

Нақтырақ айтқанда, ауылдан сарбаз болып аттанған Мұхаң соғыстың оты өшкенде офицерлер дайындайтын мектептің тыңдаушысы еді. Бұл оның әскердегі өзгелерден оқ бойы озық болып, көзге түскенін де айғақтайды. Шынында да, Мұхаңның ізі Севастополь, Курск, Львов майдандарында сайрап жатыр.

Ұлы Даланың Ұлытауынан әскерге алынған соң ол Ақмолада 3 ай әскери дайындықтан өтті. Бұдан соң Новосібір қаласындағы тағы да арнайы танкіге қарсы оқу -жаттығудан өтті. Сөйтіп, желтоқсанның 16-сы күні Украин майданының 114-арнаулы батальонының құрамында Харьков облысының Чугой қаласының түбінде алғаш ұрысқа кірді.

Мұханбет Байманов соғыс дегеннің қандай қасірет екенін сонда тұңғыш рет көзімен көрді. Айнала астаң-кестең. Аспан қайсы, жер қайсы айырып болмайсың. Жаңбырша жауған оқ пен жарылған снарядтың дауысынан құлақ

тұнады.

Ө дегенде Мұхандар алғы шептен орын алды. Өйткені жау танкілерін алға бастырмай, кейінгі жаяу әскерге жол ашу осы батальонның міндегінде еді. Қарсы беттен қарша жауған оқ пен снаряд бас көтертпейді. Бірақ бұйрықтың аты бұйрық. Бірде-бір жау танкісі алға баспауы керек.

... 1943 жылы барлық майдандарда жаппай шабуыл басталды ғой. Жанұшыра шегіне бастаған жау бұрынғыдан да қорқау еді. Өр адым жер үшін табан тіресіп тұруға тырысатын. Сондай бір кескілескен ұрыс сол жылдың мамыр айында болды. Жау танкілерін үсті-үстіне төгіп жатыр. Бір сәт артиллериямен атқылап алады. Содан кейін артынан жаяу әскерлерін шұбатқан танкілер шабуылға шығады. Осындай бір қызу ұрыс кезінде тақау жарылған снаряд Мұханбеттің оң жамбасын ойсыратып кетті. Жер бауырлап жеткен санитарлар оны майдан даласынан алып шығып, алғашқы көмек көрсетті де далалық



госпиталға жөнелтті. Осы жарде Мұхаң 4 ай дәрігерлердің қарауында болып, жазылып шықты.

Госпиталдан кейін комиссияға өз батальонына баруға өтініш жазып еді, ондағылар үзілді-кесілді қарсы болып, қайра жасақталып жатқан бөлімге сапер қылып жіберді. Осылайша ол алғы шепте жау миналарын тазартып, соңында келе жатқан бөлімдерге жол ашып жүрді. «Сапер бір-ақ рет қателеседі» деген тәмсіл бар емес пе. Қаншама рет тапсырма орындауға шақса да жаны мұрынының ұшына келетін. Өмірі осылай қыл ұшында жүріп ол Балтық жағалауы елдерін жаудан азат етуге қатысты.

... 1945 жылы Ұлы Жеңіске орай әскери шеру өтетін болды. Осыған оңтайлы деген әскери бөлімдер мен бөлімшелер іріктеле бастады. Мұхандар оқитын офицерлер мектебі де сол тізімге ілікті. Алғашқы Ұлы Жеңіс шеруі 24-маусым күні болды. Сол шерудің ортасында жерлесіміз – Мұханбет Байманов та адамдай басып өткен еді.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ



## ► ЕСІМІ ЕЛІНІҢ ЕСІНДЕ

### БАНКИР ДЕ БОЛҒАН, БАЛА ДА ОҚЫТҚАН...

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы Жуалы ауданы Мыңбұлақ ауылында туған. Атасы Иماش бала Бауыржанды маңдайынан иіскеп, оған батысын беріп, 1911 жылы 92 жасында өмірден өткен. Ескікөздердің айтуынша, ол орта бойлы, от жанарлы, шымыр, мығым денелі кісі болғанға ұқсайды. Ал, Баукеңнің әкесі Момыш ескіше хат таныған, аздап орысша да білген, ұсталықты, етікшілікті, зергерлікті кәсіп етсе керек. Анасы Рәзия ерте қайтыс болып, Бауыржан әжесі Қызтумастың тәрбиесінде болып, өскен. Әжесінің ертегілері оны сөз мәніне үңілуге жетелейді. Өлеңге, жалпы өнерге деген сүйіспеншілігін оятады. Сондықтан да бала кезінен-ақ кітап оқуға ерекше құштар болған Бауыржан кейін мұны өзінің дағдысына айналдырады. Тіпті, қан майданның ортасында жүріп те қолы қалт еткенде отыра қалып, ойларын қағаз бетіне түсіріп жүретін болған. Асы интернатында бастауыш сыныпты бітірген ол Шымкент қаласында жетіжылдық мектепті тәмәмдағаннан кейін Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбордағы КазПИ-ге оқуға түседі. Бәлкім, сол институтта оқи берсе, мұғалім болып кетер ме еді, бірақ, отбасы жағдайына байланысты туған ауылына оралып, бастауыш мектепке жұмысқа тұрады. Барша жұртшылық батыр ретінде жақсы білетін Баукеңнің еңбек жолын осылайша мұғалімдіктен бастағанын көпшіліктің біле жүргені де дұрыс. Сондай-ақ, Бауыржан Момышұлы қазақтан шыққан тұңғыш банкирлердің бірі дегенді естігенде сенбеушілік танытуыңыз да мүмкін. Бірақ, өмір шындығы мұның нақ солай екенін растайды. Өйткені, ұлттық кадрларды қалыптастыру саясатының арқасында ешқандай жоғары білімі болмаса да аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы қызметіне дейін көтерілген Баукеңді оның аса жоғары қабілетін таныған Тимофей Дубовик деген қызметтесі Шымкент өнеркәсіп банкісіне экономист етіп тағайындайды. Бұрын қаржы, қаражат саласынан еш хабары болмаса да Баукең жаңа жұмысты дөңгелетіп өкетеді. Банк жүйесінде білгірлігімен танымал болғаны соңшалық, көп кешікпей КСРО өнеркәсіп банкінің республикалық басқармасына аға консультант болып тағайындалады. Осы қызметте жүргенде оны банк төрағасы Б.Бархан Ленинград қаласындағы Қаржы Академиясының жанындағы бір жылдық курсқа оқуға жібереді. Бұл курсті өңкей «бестік» бағаға тәмәмдап, елге келіп бұрынғы қызметін қайта жалғастырып жүргенде, 1936 жылы жаңадан құрылып жатқан әскери бөлімге взвод командирлігіне шақыртады. Баукеңнің ішкі істер саласының қызметкері болып кетуі де бек мүмкін еді. Оның Жуалы ауданында алты ай милиция бастығы қызметін атқарғаны осындай ой түзуге негіз болғандай. Бірақ, Баукеңнің ел арасында сол тұста аса жоғары беделі бар милициядағы қызметін тастап кетуі түсініксіздеу. Тарихшы ғалым Дархан Қыдырәлінің пайымдауынша, Баукеңнің милиция бастығы болған уақыты жаппай кәмпеске мен қуғын-сүргіннің

# ХАС БАТЫРЫ



бас кезеңіне тура келген. Талайдың жазықсыз қамалып жатқанын көзімен көріп, жанымен сезінген Бауыржан Момышұлының жазықсыздардың талайын босатып жібергенін ол милиция бастығы қызметін атқарған Түлкібас өңірінің көнекөздері бертінге дейін аңыздай әңгімелеп жүреді екен. Әділетсіздіктерге жаны ауырған ол Қиыр Шығыстағы әскери қызметке сол себепті әдейі сұранып кеткен де болуы мүмкін. Бүгіннің биігінен қарағанда оның бұл қадамы өте дұрыс болғандай. Кім біледі, ел ішінде жүрсе, шолақ белсенділер оны да «халық жауы» ретінде ұстатып жіберер ме еді?! «Құдай сақтап қалды» деп осындайда айтатын шығар? Шынында, Аллатағала мың өліп,мың тірілген қазақтың атын әлемге жаятын болашақ батырына шапағат нұрын сеуіп, 37-нің зұлматынан аман сақтап та қалды ма екен?

### ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТАНЫЛҒАН

Взвод командирі болып жүргенде оған аға лейтенант шені беріледі, полк штабы бастығының бірінші көмекшісі лауазымына жоғарылатылып Қиыр Шығыстан Киев әскери округіне жіберіледі. Бірақ, ол 1941 жылдың қантар айында Алматыға қайтып оралады да, республикалық әскери комиссариатта аға нұсқаушы болады. Соғыс басталғаннан кейін 316-атқыштар дивизиясына батальон командирі болып тағайындалады. Атақты генерал

Панфилов басқарған бұл дивизия Мәскеуді қорғауда ерекше көзге түскені белгілі. Сол бір жан беріп, жан алысқан шайқастарда жасаған Бауыржан Момышұлының ерліктері орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» романы арқылы күллі әлемге жайылды. Жалпы, соғыс кезінде Бауыржан Момышұлы 207 мәрте ұрыс қимылдарына қатысып, 5 рет жау қоршауында қалып, соның бәрінде де негізгі жауынгерлік құрамын сақтай отырып, қоршаудан аман-есен шығып, өз дивизиясына қосылған. Баукең соғыста 2 рет аса ауыр жарақат алып, өлімші болып жараланған адам. Армия генерал-лейтенанты Бақытжан Ертаев жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери Жарғыға енуі, тактикалық тұрғыда «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы тікелей Бауыржан Момышұлының тәжірибесінің арқасында мүмкін болғанын айтады. Баукеңнің «Соғыс психологиясы» атты еңбегінің әлі күнге дейін Ресейдің, Куба, Никарагуа, Польша, Чехия, Венгрия, Словакия, Испания, Жапония, Израиль, Вьетнам елдерінің әскери оқу орындарында оқытылып келе жатқаны оның соғыс өнерінің мықты стратегіне айналғандығын дәлелдесе керек. Бауыржан Момышұлының әскери даналығын, адами парасатын генерал Панфилов, полковник Серебряков, генерал Чистяков, армия генералы Баграмян, маршалдар Жуков, Василевский, Рокоссовский жоғары бағалаған.

### ЖАУЛАРЫ ЖАҒАСЫНА ЖАРМАСҚАН

Батырлығы соғыстың тұсында дүниеге жария болған Бауыржан Момышұлының Кеңес Одағының Батыры атанбай өмірден өткені мәлім. «Неге солай болды екен?» деген сұраққа әртүрлі жорамал жасауға да, жауап беруге де болады. Бәлкім, барлық пікірлердің де жаны болуы мүмкін. Бірақ, біздіңше, ең басты кедергі Баукеңнің «саяси сенімсіз және ұлтшыл» болғандығы сияқты. Мұндай айыптау кешегі Кеңес заманында кісіні оққа байлап жіберуге әбден жеткілікті. Ал, «Қазақтың Бауыржаны» атты деректі фильм түсірген режиссер Қалила Омаров оған берілген әскери мінеземелердің бірінде нақ осылай жазылғанын айтады. Баукеңнің жан досы, жазушы Дмитрий Снегин «Бауыржанның екі жауы болды. Олар – орыстың маршалы Гречко мен қазақтың жазушысы Ғабит Мүсірепов» деген екен. Ол Баукеңнің Батыр атанбағанына қоса Әскери Академияны бітіре тұра, оған генерал шенінің берілмеуін және әскери қызметтен де тым ертерек шеттетілген себебін маршал Гречконың қырын қарауынан болған деп санаған. Гречконың кешегі Кеңес Одағының Қорғаныс Министрі болғандығын ескерсек, қолы ұзын адамның кесірі Баукеңнің Қазақстанда да жұмыс істеуіне көлденең тұрған секілді. Ол елге оралған соң бірде-бір мекеме жұмысқа қабылдамайды.



# ҚАЗАҚТЫҢ

Тек сол кездегі КазГУ-дің ректоры Ө. Жолдасбеков Баукеңді университеттің әскери кафедрасына алмақ болады да, артынан «болмайтын болды» дейді. «Бір жамандықтың бір жақсылығы болады» демекші, Баукең осыдан соң жазушылыққа бет бұрады. Алғашында інісін жақсы сыйлап жүрген Ғабен де кейін пендешілікке ұрынады. Ел арасына бірге шыққанда халықтың Бауыржанға деген аса зор махаббатын көріп, соны көтере алмай қалған Ғабен баспасөз беттерінде Баукеңді ғайбаттайтын, оның атына күйе жағатын мақалалардың жарық көруіне түрткі болады. Сондай-ақ, Баукеңді аяғынан шалғандардың арасында кезінде Қазақстанды басқарған азаматтар да болғанға ұқсайды. Баукең немере інісі Өбділда Момынқұловқа жазған хатындағы сөздерден осындай ой қорытуға болады. Бұл хатта Баукең өзіне уақытысында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі мен Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы болған Нұртас Ондасыновтың келгенін және әңгіме үстінде «баяғыда марқұм Жүмекең (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Жұмабай Шаяхметов) екеуіміз саған қастық жасаппыз. «Генерал болсын» деген ұсыныс болып еді, «болмасын» деппіз, «Герой Советского Союза» болсын дегенде, «болмасын» деппіз» дегенін жазады. Куба халқының көсемі Фидель Кастро қайта-қайта шақырып қоймағасын сол елге барып, қазақтың атын аспанда тып жүргенде қызғаныштың қызыл иті іштерін тырналаған ауылдағылар «Қазақ әдебиеті» газетіне Б.Момышұлы туралы «Қашқын әке» деген мақала жариялаған. Негізі Баукеңе ашып айтылмаса да кеңестік жүйе тарапынан оны тұсаулап ұстау саясаты қолданылғаны күмәнсіз. Өйтпесе, Баукеңдей батыр адамның, аңыз адамның өмірінде тым болмаса бір рет Жоғарғы Кеңес депутаты түгілі аудандық Кеңеске де депутат болмағаны қалай? Билік тарапынан оның ресми мінбеге көтерілуін қаламағаны осыдан-ақ байқалмай ма? Мұндай салқындықты Баукеңнің өзі де жақсы сезген, түсінген. Ол «Докторға» дейтін өлең жазғанда сыйлас інілерінің бірі Мекемтас Мырзахметов «Бауке, мына өлең қай докторға арналған?» деп сұрайды. Сонда Баукең «Дурак, Доктор деп отырғаным дәрігерлер емес, анау төбеде отырғандар. Олар менің қайғымды білмейді» деген жауап қайтарады. Ал, Бауыржан Момышұлының басты қайғысы ұлтының тілі, тарихы, салт-дәстүрінің салтанат құруы еді. Ол соғыс даласында оқ пен оттың ортасында жүріп, Қазақстан басшыларына қазақ тілінің мүшкіл халін түзеу үшін нақты ұсыныстары жазылған хат жолдаған адам. Ал, бұл өз кезегінде оны «ұлтшыл» деп таңбалауға негіз болғаны да күмәнсіз. «Ұлтшылдардан» биліктегілер әрқашан іргесін аулақ салатыны айтпаса да түсінікті. Билік қырын қарағанға төмендегі ошағандар да жабысқақ ке-

летіні ежелгі ауру емес пе? Осының бәрі Баукеңнің жүйкесін жұқартпайды деймісіз? Өмірінің соңғы сәттерінде ауру қатты айналдырған ағасының көңілін сұрай барған жазушы інісі Өзілхан Нұршайықовқа «Асқазан, өкпе, жүрек, жұтқыншақ дегендерің сап-сау. Мұның өзі жұлын, жүйкеге байланысты ауру...» дегенінің астарында соғыстағы жарақаттар ғана емес бейбіт өмірдегі әділетсіздіктер мен шетқақпайлаудың да сызаты жатқан жоқ па? Сөйтіп, ұлтымыздың ұлы тұлғасы 1982 жылғы 10 маусымда дүниеден өтті.

## ОТБАСЫ ЖЫЛУЫН СЕЗІНБЕГЕН

Атағы әлем аралап кетсе де, Баукең «Құдай маған бәрін берді, тек отбасы жылуын сезіну бақытын бермеді» деген екен. Жазушы Мағира Қожахметова өз естелігінде «Мен әйелдің көз жасына қалған адаммын, сондықтан да әйелдің зарын тартып жүрмін» дегенін жазады. Содан ба екен, Баукең әлденеше рет үйленген, сол үшін небір есек-аяңға да таңылған. «Жеңгелерім Баукеңнің жанын түсінбеді, онымен тең дәрежеде сырласып, сыйласа алатындай деңгейде болмады» дейді жазушы інісі Мекемтас Мырзахметов. Баукең «Әйелдерім туралы» дейтін жазбасында өзіне серік болған жандар жайында жазады. «Өзім батыр, жазушы атағым бар, Көп қатын алды деген шатағым бар» деген өлең де жазғанын айта отырып, Баукең бұл жазбасында бірінші әйелі Бибіжамал Мұқанқызының өзінен екі жас кіші екенін, ақсары, сұлу келіншек болғанына тоқталып, «сол кісіден тұңғыш балам Бақытжан Момышұлы Бауыржанович туды» дейді. Өрі Бибіжамал туралы «байын күте білетін, үйін ұстай білетін, дастарханды кісі еді» деген жылы лебізін білдіреді. Ұлының өмірге келгенін хабарлаған Бибіжамал Баукеңе «Баукетай, көптен бері хабар алыспадық қой. Сен неге хат жазбайсың? Аман-есенсің бе? Үшінші октябрьде ұл таптым. Атын тәтем әрі әкесіне ұқсас болсын, әрі бақытты болсын деп «Бақытжан» қойды. Сен аман қайтсаң ең үлкен бақытымыз сол. Балаңның көтін иіскеп, жалап жатырмын» деген мазмұндағы хат жолдаған көрінеді. Арада бірнеше жылдар өткен соң зайыбынан көңілі қалған Баукең әрине, Бибіжамалмен ажырасып кетеді. Негізі Баукең «мен әйелдің көз жасына қалған адаммын» дегені осы әйелі жөнінде айтылған сияқты. Өйткені, өз жазбасында жақсы сипатталатын Бибіжамалдан неге көңілі қалғанын да ашып айта қоймайды, соған қарағанда, араларынан әлдебір ала мысық өтіп кетіп, Баукең алғашқы жарын орынсыз кінәлі санап, кейін соған өкінумен өтті ме екен? Өзінен жеті жас үлкендігі бар «заслуженный деятель искусств» Вера Павловна Строева туралы Баукең «мен десе, жаны қалмай тұғын. Менің сөзімді

пайғамбардың сөзіндей көретін. Жазғандарымның бір сөйлемін қалдырмай оқитын. Менің әдебиетке енуіме үлкен себепкер сол кісі. Сол себепті мен «Наша семья» кітабыма «Вере Павловне Строевой, чьи критические замечания и советы мне помогли больше, чем она подозревает» деп эпиграф жаздым» деп еске алады. Ал, өзіне Елена есімді қыз сыйлаған Клавдия Григорьевна Коркина туралы «Мәскеудің Чайковский атындағы концерт залына бардым. Тал шыбықтай, он сегіз-он тоғыздағы ботакөз, қарашаш, бұрымы тоқпақтай сұлу қыз «Карменді» оңдырмай соқты. Мен дел-сал болып есімнен адаса жаздадым. Концерттен кейін іздеп барып таптым. Екеуіміздің көңіліміз жарасып қалды. Бір күн түнеп шыққаннан кейін есімнен шығып кетті» дей келіп, арада біршама уақыт өткеннен соң жазатайым жолығып қалғанын, қыздың өзінен екіқабат екенін білгенін, 1947 жылы 16 қыркүйекте сәби өмірге келгенін жазған Баукең «А Елене Бауыржановне теперь 22 года. Учится в драматическом факультете Московского педагогического института» деп нақтылай түседі. Өмірінің он үш жылы бірге өткен Бақытжамал Қалыбекқызын Баукең Мәскеудегі профессор Изабелла Ивановна Великанованың пәтерінде жолықтырады. Бақытжамал Шетел тілдері институтының аспиранты екен. Арада бірнеше ай өткенде Бақытжамалдың өзі телефон шалып, Баукең әскери қызметте жүрген Калинин қаласына оны іздеп барғысы келетінін жеткізеді. «Я не отказал ее просьбе встретить 1 май в Калининне. Я встретил ее на вокзале, предварительно забронировав ей номер в гостинице. Мы поужинали в ресторане, во время ужина она мне строила глазки. После ужина я ее проводил до ее номера. Осмотрев свой номер, она сказала:— Я здесь не хочу ночевать...— Прошу тогда ко мне — дедім мен. Қысқасы, үйге бардық...— Болар іс болды ғой. Мен енді сіздің әйеліңізбін — деді ол таңертең.— Иә, сен енді менің қатынымсың — дедім мен. Ол маған 13 жыл қатын болды» деген жолдардан Бақытжамалдың Баукеңді өзі ұнатқанын, оған жар болуға ықыласты болғаны аңғарылады. Тағы бір әйелі жайында Баукең «ол менің өлуімді тілеп жүр» деп жазыпты. «Сондағы мақсаты Момышұлының жесірі болмақшы. 36 сом пенсия алады. Мен өлсем 100 сом пенсия қосылады. Сол маған толығымен жетеді» деп есеп қылып отыр. Сөйтіп, мұның ниеті жаман бұзық қатын екен» деп жазған Баукең жалпы әйелдер туралы: «Порядочный әйелде үш қасиет болу керек. Байын күте білу, үйін ұстай білу, бала-шағасын тәрбиелей білу. Осы үшеуі жоқ әйел — әйел емес» деген ұйғарым жасайды да, әлгі әйелінде «осы үшеуінің біреуі де жоқтығына» тоқталады. Әйелдері хақында осын-

дай жазбаларын Баукең «Я страшно огорчен на старости лет тем, что на своем 60-летие и на старости лет я не разобрался в женщинах» деп аяқтапты. Оның көңіл түпкірінде қатқан мұңы осы сөздерінен сезіліп тұр емес пе?

## КЕЛЕШЕКТІ КӨРЕ БІЛГЕН

Ол дүниеден өткенде Ғабит Мүсірепов «Бізден артықшылығы ол жазғанның алтыншы сезімі бар еді ғой» депті. Мұнысы Баукеңнің алдағыны болжай білетін көріпкелдік қасиетке де ие екендігін айтқаны көрінеді. Шынында да, оның бойында өзге де дарындарына қоса көріпкелдік, әулиелік қасиет те болғандығына көзін көргендер талай мәрте куә болыпты. Баукең бірде түн ортасында жақындарының біріне телефон шалып, «әй, тұрсаңдаршы, түге, өртеніп өлесіңдер ғой» деп айқайлапты. Ертеңіне әлгі кісі келіп, «Бауке, сен түнде телефон соқпағанда бүгін намазымыздың қамына кірісіп жататын едіңдер. Сенің оятқаның дұрыс болды, ас үй енді жана бастаған екен» депті. Сол сияқты, Баукеңнің «Ұшқан ұя» кітабында өзі асқан сүйіспеншілікпен сипаттайтын Музей апа атанып кеткен әпкесі Баукеңдікіне қонақтай келіп, сол күні сонда қонып қалғысы келетін ниетін байқатады. Сонда Баукең «Біреудің есігінде қалайын деп пе едің? Үйіңе жетіп алсай» деп ырқына қоймай, кері қайтарып жіберіпті. Таңертең Музей апаның қайтыс болғаны туралы хабар келеді. Өзі де ауру меңдегенмен, темекіні тастамайды екен. Бірақ, қайтыс боларынан бір күн бұрын көңілін сұрағандардың бірі темекі ала барғанда, «Мен бұдан былай темекі шекпеймін» деп, әлгі темекі қорабын кейін ысырып тастаған екен. Ол ұлы Бақытжанға басына қойылатын «құлпытастың қарапайым, ес-керткіштің аласа болғанын» қалайтынын айтады. «Ескерткіш тым биік болса, басына құс қонып, саңғиды. Егер ол мыстан жасалса, құстың саңғырығынан ескерткіштің басы көгеріп кетеді. Сосын ел сендерді «әкелеріңнің басы көгеріп жатыр, неге дұрыс күтім жасамайсыңдар?» деп мазалайтын болады. Әсіресе, біреу-міреу мысқа қызығып ұрлап та кетуі мүмкін» депті. Осы айтқандары кейін айнымай келгені де белгілі. «Мен өлгенде менімен ақымақтар ғана қоштасады. Ақылдылар менімен ақылдаса бастайды» деген сөзі арқылы өзінің мәңгілік өмірі басталатынын сездірген оның «Мен өліптердің ішінде кетпеймін, тірілердің бірі боламын. Менің рухым халқымның есінде қалады. Менің кітаптарым кейбіреулердің аяқтары жетпеген жерлерге де жетеді» дегені күн санап шындыққа айналып келе жатқанын өмір көрсетіп отырған жоқ па? Алыстаған сайын биіктей түсетін тау тұлғасы асқақтаған үстіне асқақтай түсуде. Көзі тірісінде ескермегендердің өздері енді оны үлгі, өнеге етуде. Ендеше осыдан соң Баукең неге әулие емес?..

**Абдолла ДАСТАНОВ.**  
(«Ғибратты ғұмырлар» кітабынан)



## СОТ ТӨРЕЛІГІ

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

*Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.*

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бұл жалғыз біздің елдің проблемасы емес. Әлем елдерінің де басты мәселесі болып отыр. Мысалы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізіп отырған елдерге Нидерланды, Финляндия, Ұлыбритания, Швеция, Швейцария, Жаңа Зеландия, АҚШ, Сингапур, Израиль, Жапония, Германия, Австралия және Австрия жатады. Осы елдерде сыбайлас жемқорлыққа күресті ұйымдастырудың ерекшелігі ел үкіметі сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп қарайды. Нидерланды мемлекетінде сыбайлас жемқорлық әрекетін жазалау жүйесі мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істеуге қатаң тыйым салып, мемлекеттік қызмет ұсынатын барлық әлеуметтік жеңілдіктерден мүлдем айыру арқылы жүзеге асады.

Сыбайлас жемқорлықтың бірнеше зардаптары бар: қоғамның бақытты болашағын тежейді; елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді; жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Қазіргі таңда еліміздің дамуына бірден-бір кедергі және үлкен проблемалардың бірі, бұл сыбайлас жемқорлық болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі.

Ең бастысы - адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне, заң мен әділдікке, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні даусыз. Бұл туралы Елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиясында: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында: Аса маңызды міндет - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру» делінген.

Демократиялық институттар мен құндылықтар сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін түйткілді мәселелермен сыйыспайтыны анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шыршап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесеп. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінен шығатынымыз сөзсіз. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 30 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз. Осы қатерді түпкілікті жою үшін әр қазақстандық, әр отбасы «сыбайлас жемқорлық» өз бойындағы дерт деп ұғынып, барынша күресуі қажет!!!

**А.ИБАДИЛДИНА,**

*аудандық және оған теңестірілген сот кеңсесінің бас маманы - сот отырысының хатшысы.*

## ПРАВОСУДИЕ

# ОБЕСПЕЧЕНИЕ ИСКА И ДОКАЗАТЕЛЬСТВ ПО ГРАЖДАНСКИМ ДЕЛАМ: ПОРЯДОК, ЗНАЧЕНИЕ И ОСОБЕННОСТИ

*Институт обеспечения иска регламентирован ГПК (глава 15, ст.ст. 155-162). Обеспечение иска – это предусмотренные законодательными актами временные принудительные меры, которые вытекают из существа заявленных материально-правовых требований и создают правовые гарантии защиты имущественных и неимущественных законных прав и интересов истца в случае удовлетворения судом заявленных им требований.*

Институт обеспечения иска является одним из важных инструментов в гражданском судопроизводстве.

Его основная цель – сохранить материальный объект спора до момента разрешения дела в суде для обеспечения исполнения решений суда. Это практически значимо, потому что обеспечительные меры могут повлиять на результаты исполнения решения еще до его вынесения.

Обеспечение иска может быть осуществлено следующими 8 мерами – наложение ареста на имущество, запрещение совершения ответчику совершать определенные действия, запрещение другим лицам передавать имущество ответчику по обязательствам, приостановление реализации имущества, приостановление действия оспариваемого правового акта государственного органа, приостановление взыскания по исполнительному документу, приостановление торгов по внесудебной реализации предмета залога, приостановление оспариваемых актов и действий судебного исполнителя.

Применение института обеспечения иска предусматривает 3 стадии: подача заявления об обеспечении иска, рассмотрение заявления, принудительное исполнение определения об обеспечении иска.

Особенности: Меры обеспечения иска обладают несколькими признаками:

могут быть приняты только после вынесения судом определения о возбуждении гражданского дела; могут быть приняты во всяком положении дела, но до вступления в законную силу вынесенного судом по делу решения; после вступления судебного акта в законную силу и обращения его к принудительному исполнению вопрос об обеспечении исполнения решения суда разрешает судебный исполнитель в процедурах, предусмотренных Законом «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей»; применяются только по заявлению истца. Принятие любых мер обеспечения иска по инициативе суда не допускается.

## ПРИНЦИПЫ СОСТЯЗАТЕЛЬНОСТИ И РАВНОПРАВИА СТОРОН В ГРАЖДАНСКОМ ПРОЦЕССЕ

*Начать данную тему хочется с того, что состязательные начала судопроизводства, являясь важнейшим принципом рассмотрения гражданских споров, определяют так называемый состязательный тип гражданского процесса.*

Принцип равенства и состязательности сторон закреплен в статье 15 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан, согласно которому гражданское судопроизводство осуществляется на основе состязательности и равноправия сторон. Стороны пользуются равными процессуальными правами и несут равные процессуальные обязанности.

Принцип равноправия сторон означает, что ни одна из сторон не имеет преимуществ перед судом, обладая равными процессуальными правами и обязанностями.

Бремя доказывания возлагается на стороны. Суд создает условия для участия сторон в состязательном процессе и представления ими доказательств.

Каждая сторона должна доказать те обстоятельства, на которые она ссылается как на основания своих требований и возражений, использовать средства защиты, утверждать, оспаривать факты, приводить доказательства и возражения против доказательств в установленные судьей сроки, которые соответствуют добросовестному ведению процесса и направлены на содействие производству.

Суть данного принципа выражается в установленных законом равных возможностях сторон на защиту своих прав и интересов. Предоставляя одной стороне конкретные процессуальные права, закон наделяет аналогичными правами и другую сторону. Если истцу предоставляется право изменять предмет и

основания своих требований, то ответчику соответственно предоставлено право изменить основания возражений, ранее выдвинутых против иска, право признавать иск, предъявлять встречный иск. Каждая сторона вправе иметь представителя. Таким образом, ни одна из сторон не пользуется каким-либо преимуществом перед другой. Принцип процессуального равноправия сторон имеет важное значение на всех стадиях процесса и является предпосылкой состязательности процесса.

Также, согласно принципу процессуального равноправия сторон закон предоставляет истцу и ответчику в гражданском процессе равные возможности по защите своих прав и охраняемых законом интересов. Стороны независимо от того, являются ли они гражданами или организациями, наделяются равными процессуальными правами. Какие-либо юридические преимущества одной стороны перед другой в процессе исключаются.

Всесторонность рассмотрения дела, принятие судом законного и обоснованного решения обеспечиваются обширными возможностями сторон проявлять в процессе свою инициативу и активность, приводить доводы в обоснование своей позиции и отвергать доказательства и аргументы противоположной стороны.

**Д. УТИКЕЕВА,**  
*судья Жезказганского городского суда.*



## ▶ ОЛЕҢНІҢ ӨРІМТАЛЫ



### АУЫЛЫМ – АҚ БЕСІГІМ

Жаз шықса жайқалатын жапырағы,  
Маған қуат әрбір тас, топырағы.  
Жердегі жәннат мекен - Ақтүбегім,  
Сені жырлап отырмын бүгін тағы.

Талайлар жырлап кеткен тәтті есімің,  
Ашқан соң өмірінің бақ есігін.  
Төрт асыл қоршап тұрған қалқан болып,  
Арайлы Ақтүбегім - ақ бесігім.

Бәйештің ұрпағымын тұрар жебеп,  
Асылы туған жерге көрік берет.  
Төрт жақта төрт құбыла сипатында,  
Айтып кетсем шындардан бір мәлімет.

Бабам Бәйеш Шығыстан күндей атқан,  
Қоқандарды қорқытып, қалтыратқан.  
Сұңқардай асыл қазір биік шың боп,  
Халқына жігер мен рух беріп жатқан.

Күйімен бар халқына жарық беріп,  
Мақтанады бабаммен халық көріп.  
Әкесі Бәйеш бабам жатқан шығар,  
Күйші ұлы Қыздарбекті мақтан етіп.

Бір биік, бір асыл боп тұрар жанып,  
Отанына еркелеп, күлім қағып.  
Ақардың бейіті тұр ел-жұрты үшін,  
Мәңгілік символы боп «бейбіт халық»

Балауса бидайықтан кем бе еді елің  
Аңыз болды қазірде ерлегенің.  
Әлмен баба білгендей болған шығар,  
Сарысудың қасына жерленерің.

Төбемізде күлімдеп жарық жанды,  
Бірігіп ауыл үшін жұрт жиналды.  
Иманының белгісі бұл да бөлкім  
Ұлдары ауылына мешіт салды.

Ардақты үлкендер бар ақыл берер,  
Үлкенді тындағандар бәрін жеңер.  
Аялы алақандай ауылымның,  
Бірлігі, берекесі сол кісілер.

Үлкенге ізет, кішіге қорған болар,  
Ауылдың басындағы бағы шығар.  
Мақтамай, айтпай кетем қалайғана,  
Ақтүбектің намысты жастары бар.

Бір-бірін мақтағанда тасынатын  
Көре алмайтын бірінің жасығанын.  
Сені әркез жылаймын мақтан етіп,  
Киелі ақ бесігім қасындамын.

Мерейім, қуанышым бақыт, арман  
Өмірде бар байлықтан қымбат маған.  
Алыс кетсем сағынар құт-мекенім,  
Жайнай берші Ақтүбек - Отан -Анам.

Мен көрмедім сенен асқан кереметті,  
Сүйем бәрін, тіпті ұшқан көбелекті.  
Мен үшін Ақтүбегім - ақ бесігім,  
Әлемнің ең бірінші кереметі.

**Гүлдана БЕРИК,  
Ақтүбек ауылдық кітапханасының  
«Жас толқындар» жырлайды  
қызығушылық клубының мүшесі**

## ▶ ӘҢГІМЕ

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ӘЛЕГІ

**Қалалық ішкі істер бөліміндегі телефон шырылдап қоя берді. Телефон тұтқасын көтерген полиция полковнигі Ержан Айдаров қысқа ғана тілдесіп, телефон тұтқасын орнына қойды.**

Көмекшісіне жігіттерді жылдам жинауды бұйырды. Білдем-жылдым қимылдаған жедел іздестіру бөлімінің қызметкерлері лезде кабинетке жинала кетті. Осы кезде полковник Айдаров:

- Жігіттер, Уәлиханов көшесіндегі 49-үйге тапа-тал түсте ұры түсіп, дым қалдырмай үнсіз кетіпті. Тал түсте ұрлыққа түскен адам тегін адам емес. Не әккі ұры, не әлі ұрлыққа ауыздана қоймаған жас. Жылдам ұрыны тауып қылмыстық іс қозғауымыз керек. Сондықтан уақыт оздырмай дереу аттанғанымыз жөн.

- Құл болады!  
- Құл болады!-десіп үн қатқан жігіттер шұғыл жинала бастады.

Жедел іздестіру тобының жігіттері 15 минуттан соң тоналған еңселі үйдің ішіне келіп кірді. Үйшікте жатқан ит бұлар үйге кіргенге абалауын қоймады. Үй иелері тоналған мүліктеріне іштері ашып тұрса да, сыр білдірмегенсіді. Оларды дереу сыртқа шығарып, саусақ іздерін түсіру үшін опер жігіттер фотоаппараттарын сыртталдата бастады. Алайда ұрының әккілігі соншалық қолына қолғап киіп алып, із қалдырмапты. Олар әрбір жерді мұқият тексеріп, бірде-бір нәрсені назардан тыс қалдырмауды ұйғарды. Өздерін басқарып келген капитан Сериковичке:

- Жолдас капитан, үй ішінде бірде-бір саусақ іздері анықталмады. Ұры өте әккі екен. Бірақ әлі де тексереміз. Қалайда анықтаймыз, - деп өз қызметтеріне кірісіп кетті.

Ал жедел іздестіру бөлімінің тағы бір тобы үй иелерінен жауап алып, ұрланған заттардың тізімін тізіп жаза бастады. Үй иелері:

- Біз бүгін қайынбикеміздің үйі келін түсіретін болып, барлығымыз сол жаққа жиналған едік. Екі баланы сабаққа жібердік. Екі кішкентайды өзімізбен бірге ала кеттік. Содан бір зат ұмыт қалып, сол затты алу үшін келсек, үйіміз осындай болып, астан-кестеңі шығып жатыр. Ал итіміз қаннен-қаперсіз үйшігінде. Сонда әншейінде үйге ешкімді жолатпайтын итіміз неліктен бүгін моп-момақан болып қалды? Осыған басымыз жетер емес.

- Күдіктенетін адамдарыңыз бар ма?  
- Соңғы кезде күдік тудыратын ештеңе байқамадыңыздар ма?-деген капитанның жауабына үй иелері ондай ештеңе байқамағандықтарын айтты. Олардың берген жауаптарын қағаз бетіне түсіріп отырған капитанның ойы сан-саққа жүгірді. Демек, ұры алыстан келмеген. Осы үйге келіп-кетіп жүрген сыралғы жанның бірі. Ол тіпті үй иелерінің жуақ арада келе қоймайтынына сенімді болған. Сондықтан үй тонауға алаңсыз кіріскен. Жатын бөлмеде тұрған алтындарды алған. Шашпайалғанына қарағанда алтындардың қай жерде тұрғанын нақты білетін адам болған. Ал ақшаны әжептеуір іздеген сияқты. Өйткені шашпаған жері қалмаған. Неде болса жау алыстан келмеген. Осындай байламға келген капитан жоғалған заттарды қаттап жазып, үй иелерінің берген жауаптарын тізіп, жігіттерді жинап бөлімшеге қайтты.

Бөлімшеге барып, капитан Серикович полковник Ержан Айдаровқа істің мән-жайын бүге-шүгесіне дейін баяндап берді. Ержан Айдаров:

-Қанат, осы істі өзің қолға ал. Қайткенде де ұры табылуы тиіс,-деді.

- Құл болады, жолдас полковник!  
Кабинетіне кірген Қанат Серикович талай жылдан бері сенімді серік болып келе жатқан, күрмеуі қиын қылмыстарды ашуға септігін тигізген із кесуші Дастанды шақырды. Оған істің барысын баяндап, осы істі ашу үшін не істеу қажеттілігі жөнінде кеңесті. Екеуі тоналған үй жақты шолып қайтуды жөн көрді. Қызметтік көліктерін тастап, қарапайым ғана көлікке мінген екеуі еңселі үйді ұзақ бақылады. Көршілердің де іс-әрекетін де бақылауға алды.

Міне, тоналған үй. Есіктің алдында бейсауат ешкім көрінбейді. Бір кезде екі кішкентай баласын жетелеген үй иесінің әйелі көшеге шықты. Есігін мұқият құлыптады. Бұл күні күдік тудыратындай ештеңе байқалмады.

Осылайша күн артынан күн өтіп жатты. Күрмеуі қиын іс шешілер емес. Үй иелері де жоғалған заттардан күдерін үзе бастағандай. Полковник істің бет алысы осылай кете берсе, бұл істі жабу жөнінде тапсырма берді. Дәл осы кезеңде сол ауданда тағы бір ұрлық тіркелді. Ұрлықтың жалпы сипаты өткендегі ұрлыққа ұқсас. Тіпті айнымайды десек те болады. Тек

алатындары алтындар мен ақшалар. Басқа бағалы заттарға тимеген. Өбден оңай олжаға дәнкікендігі көрініп тұр. Оның үстіне тоналған үйлердің арасы тым жақын. Бұл капитанның ойына ұрлықты істеген адамның бір адам екендігін әрі оның сол тоналған үйлердің көршісі екендігіне күмән тудырмады.

Капитан мен із кесуші Дастан соңғы рет тоналған үйлерді сыртынан шолып шығуды жөн көрді. Осы кезде шешілмеген жігіттің түйіні тарқатылғандай болды. Көптен күдікке ілініп жүрген осы аудандағы пәтер жалдап тұратын Самат деген жігіт оң жақтағы көршісінің үйіне кіріп, итін жетектеп шықты. Ит өзінің иесіндей көріп, еркелеп кетіп барады. Бұлар енді Саматтың келуін тосты. Бір кезде Самат та келіп, итті иесіне тапсырып, өз үйін бетке алды. Келесі күні тағы осы көрініс қайталанды. Самат тіпті көршілердің өз баласы секілді болып кеткен. Емін-еркін кіреді. Емін-еркін жүреді. Басты күдікті анықталғандай болды. Алайда әлі де үміттен күдік басым. Бәлкім, Самат жай ғана олардың итін қыдыртушы шығар? Өйтпесе, туыстары болар? Ақшаға жалданып жұмыс істеп жүрген шығар?-деген сауалдар екеуінің де ойында тұр. Егер істей қалса Самат жалғыз емес, тағы біреу бар? Ол кім? Осы сұрақ әбден шаршатты. Сондықтан олар Саматтың ізіне түсуді жөн көрді. Саматтың басқан ізін елеусіз аңди отырып, олар Саматтың ештеңеден бейхабар жас бала емес екенін аңғарды. Өйткені Самат артында аңдушы бар екенін сезгендей бұлталақтап, тіпті ұстатар емес.

Арада бір апта өткенше бұлар Саматты мүлде елеусіз қалдырғандай болды. Артында аңду жоғына көзі жеткен Самат еркінсі бастады. Тағы да күдіктінің ізіне түскен бұлар оның қырма сақалы бар егделеу тартқан, жасы 45-50 арасындағы бір адаммен жолыққанын байқады. Олар екі күдіктіні ертеңгі айғақ үшін фотоға түсіре бастады. Екеуінің фотосын фотороботқа салып көргенде бұрын да ұрлық істеп түрмеде жатып шыққанын анықтады. Опер жігіттерге екеуін тұтқындауды бұйырды.

Уақытша ұстау абақтысына жабылған екі күдікті бірін-бірі танымайтындықтарын айтып, бет бақтырмады. Осы кезде екеуінің фотосы алдарына тасталып, мойындауға мәжбүр етті.

Тергеушілердің көпті көрген тәжірибелерінің арқасында олардың әлеуметтік желі арқылы адамдармен танысып, олардың сенімдеріне кіріп, үйлерін тонаумен шұғылданатындықтары анықталды. Бұл істі әдетте Самат бастайды. Оның әлеуметтік желідегі парақшаларында атышулы Кедок компаниясында менеджер болып жұмыс атқаратындығы туралы жазылған. Сондай-ақ іскер адам кейіпіндегі суреттері салынған. Міне, оның осындай алдамшы бейнесіне алданып, қаншама адам зардап шегіп отыр. Сонымен қатар ол құрбандық ретінде инстаграмға өздерінің күнделікті өмірін шектеусіз жүктейтін, сәнсалтанатқа малынған байларды таңдаған. Солар тұратын микроаудандардан пәтер жалдап, байдың баласы секілді шалқып өмір сүріп, иттерін серуендетіп келетін қайырымды жігіттің рөлін сомдау арқылы талай адамдардың алтыны мен ақшасын заңсыз иемденген. Оны қасындағы серігіне беріп, сатудан түскен олжаны теңдей бөлісіп отырған.

Оңай жолды кәсіп еткендердің қармағына әсіресе, әлеуметтік желідегі алдамшы өмірге алданып қалатындар мен өзінің байлыққа толы өмірін мақтаншы көріп жүктейтіндер көп ілінеді екен. Олар қаншама адамның алданып жүргенін естісе де өз өмірлерінде осындай жайт орын алмайтындай көрінеді. Сондықтан әлемжеліні пайдаланғанда сақтықты да ұмытпағанымыз жөн.

Самат пен оның сыбайласының мойнына ұрлық жасағандары үшін аз жыл ілінген жоқ. Алайда олар бұдан лайықты қорытынды шығарса жөн болар еді. Ұрлықтың қыр-сырын меңгеріп, арам жолмен нан тапқанша, нанды еңбекпен табу керектігін ескеру керек. Әлеуметтік желі бар болғаны-виртуальды өмір. Онда адамның шынайы өмірі жалғандықпен бүркеледі. Сондықтан әлеуметтік желідегі өмірді шынайы деп алданбау қажет. Егер олай етпесе әлеуметтік желінің әлегі аз болмайды.

**Аяулым ТҮГЕЛБАЙ,  
Абай атындағы ММИ-дің 11-сынып оқушысы.  
Жезқазған қаласы**



**ОВЕН.** На этой неделе ваш энергетический уровень будет высоким, что поможет в реализации сложных проектов. Будьте открыты для новых предложений в профессиональной сфере. В личной жизни возможны важные разговоры, которые помогут укрепить отношения.



**ТЕЛЕЦ.** Для Тельцов это время принесет успокоение после бурной прошлой недели. Сосредоточьтесь на финансовом планировании и анализе трат. Ваши усилия в области учебы или образования будут вознаграждены. Не исключено появление новых источников дохода. В отношениях важно будет проявить терпение и понимание.



**БЛИЗНЕЦЫ.** Неделя начнется для Близнецов с активных социальных взаимодействий. Вы найдете новых друзей или возобновите старые связи. Работа потребует от вас креативности и оригинальных решений. Путешествие в конце недели принесет приятные впечатления.



**РАК.** Ракам следует обратить внимание на домашние дела и семейные отношения. Это время для укрепления семейных уз и заботы о близких. Ваша интуиция будет особенно сильна, поэтому доверяйте своим предчувствиям в принятии важных решений. Финансовая стабильность будет достигнута за счет умелого управления ресурсами.



**ЛЕВ.** Эта неделя обещает быть яркой и насыщенной для Львов. Ваши лидерские качества выйдут на первый план в профессиональной сфере. Можно ожидать признание ваших заслуг и успехов. В личной жизни постарайтесь уделить больше времени семье и близким.



**ДЕВА.** Неделя предоставит Девам шанс поработать над собственным развитием и самообразованием. Ваша внимательность к деталям поможет выявить ошибки в работе, которые можно будет исправить. В отношениях старайтесь быть менее критичными и более отзывчивыми. Здоровье будет укрепляться благодаря регулярным физическим упражнениям.




**ВЕСЫ.** Для Весов начало недели будет спокойным, но к середине ожидаются изменения на работе, которые потребуют вашего внимания и адаптации. Стройте планы на будущее и обсуждайте их с коллегами и партнерами. В личной жизни возможны романтические сюрпризы.



**СКОРПИОНЫ.** На этой неделе Скорпионы почувствуют потребность в глубоких эмоциональных переживаниях. Ваши взаимоотношения с окружающими будут насыщены страстью и глубокими разговорами. Уделите внимание своему хобби или займитесь делом, которое будет вдохновлять вас.



**СТРЕЛЕЦ.** В начале недели Стрельцы почувствуют прилив энергии, который стоит использовать для достижения давно поставленных целей. В профессиональной жизни возможны важные встречи, которые могут открыть новые перспективы. Личные отношения требуют внимания: не пренебрегайте возможностью провести время с любимыми людьми.



**КОЗЕРОГ.** Эта неделя станет для Козерогов временем для размышлений о карьерном росте и профессиональных амбициях. Ваши усилия будут замечены руководством, поэтому не упустите шанс проявить себя. В личной жизни могут возникнуть сложности, требующие терпения и дипломатичности.



**ВОДОЛЕЙ.** Для Водолеев неделя начнется с новых идей и нестандартных подходов в решении рабочих задач. Ваше творческое мышление будет особенно ценно. Общение с друзьями принесет радость и новые идеи. В романтических отношениях возможны интересные повороты, которые усилят ваши чувства.



**РЫБЫ** Рыбам следует обратить внимание на внутренний голос и интуицию, которые помогут в принятии важных решений на этой неделе. Профессиональные задачи потребуют креативного подхода и возможности быстро адаптироваться к изменениям. Уделите время своему духовному развитию и медитации.

# СКАНВОРД

Приобретение тёртого калача	Банкнота из Еревана	Место, где прошелся лобзик	Портал, форум	"Гонщик" на нартах
Покупка втридорога				
То же, что допинг	"Влияние" дороги	Комфортная обстановка	Клён, порода	"Сила" быстро движущегося
Коллега агронома	Взрослость насекомого	Вдвое больше, чем квартет	Кавказский богатырь	Китайская ...
Сэр ... Джаггер		Крупный попугай		Подмосковное "шале"
Тот, кто придумал			Плавающее растение	День недели
"Ворота" в море	Древняя угловатая буква	"Лес" для муравья		
И. о. мамы	"Гламурное" судно	Агатова ...	Копия из гипса	Аркан в прериях
Суп к лавашу			"Дачный" цветок	Небольшое пернатое
Преимник апостола Петра	... Челюскин		Элегическое стихотворение	Особая группа людей
		Порт на острове Хонсю	Музыкальный "бестселлер"	

## Анекдоты, анекдоты...



\*\*\*

Судья спрашивает подсудимую:

— Почему вы отравили соседей?

— А что мне было делать? В магазине сказали, что травить тараканов лучше вместе с соседями!

\*\*\*

— Оба зуба у вас воспалены, придется их удалить.

— И сколько это будет стоить?

— Сто пятьдесят долларов.

— Сто пятьдесят за две минуты работы?

— Ну, если вам нравится, я могу тащить их хоть два часа!

\*\*\*

Много лет длится тяжба между наследниками. Спорят, кому что достанется по завещанию и что все-таки имела в виду умершая бабушка. Судебные решения уже несколько раз отменялись, и дело возвращалось на пересмотр.

Зал заседания: страсти накаляются, стороны кричат и вызывают к судье: «Ваша честь, разберитесь, в конце концов!»

Измученный судья достает стеклянный шар и ставит его на стол: «Вызывается дух умершей Марьяванны!»

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

### АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012    Заказ 685

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:  
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8  
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.